

2018 ЖЫЛҒЫ

ҚАҢТАР

Менталды ақытқулары бар адамдар турасындағы АҚШ Президенттік комитетінің мүшесі, инклюзивтік білім беру сарапшысы Кэрол Квиркпен кездесу



СӘУІР

Қазақстандағы «Тәлімгерлер» жобасы Тәлімгерлер мектебінің жаңартылған форматы



АҚПАН

Маңғыстау облысы, Құрық ауылында балаларға арналған инклюзивті алаңның ашылуы




МАМЫР

«9 Планета» би тобының «Жұлдызай» конкурсындағы жеңісі



НАУРЫЗ

«Әлемді ашамыз» жобасының аясында Астана, Ақтөбе, Ақтау қалаларында көзі көрмейтін балаларға арналған сыныптарда брайльдік жазу машиналары пайда болды



МАУСЫМ

Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті базасында №9 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің ашылуы



АЙЛАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ШІЛДЕ

Прешов қаласында (Словакия) есту қабілетті нашар балаларға арналған халықаралық футбол турниріндегі жеңісі



ТАМЫЗ

Өскемен және Көкшетау қалаларында инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының ашылуы



ҚЫРКҮЙЕК

Инклюзивті көркем студиясының 5-жылдық мерейтойы



ҚАЗАН

Жыл сайынғы «Pamper's drive» акциясын өткізу, 47 000 жөргек жиналды



ҚАРАША

Қостанайда көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы сыныптардың төртіншісінің ашылуы



ЖЕЛТОҚСАН

Семей қаласындағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің және Петропавлда инклюзивті білім беру ресурстық орталығының ашылуы



«ӘР-АЛУАН, БІРАҚ ТЕҢ» ЖОБАСЫ

• ТҮЗЕУ КАБИНЕТТЕРІ

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті - кез-келген ерекше бала мен оның отбасы мамандардан білікті көмек ала алатын арнайы білім беру ұйымы. Қызметтер тегін ұсынылады. Біздің стратегиялық мақсатымыз - ерекше бала өсіп келе жатқан отбасымен «қадамдық жақындық»-та болу.

2018 ЖЫЛЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТҮЗЕУДІҢ АШЫҚ
6 КАБИНЕТІНДЕ
ҚЫЗМЕТ АЛДЫ

700
-ДЕН АСТАМ БАЛА

160 МАМАН СЕМИНАРЛАРДА ҚОСЫМША
ДАЙЫНДЫҚТАН ӨТТІ



6

Қазақстан қалаларында психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері ашылды және жабдықталды



84 МЛН. ТЕҢГЕ
2018 ЖЫЛЫ
6 ТҮЗЕУ КАБИНЕТІН
АШУ ҮШІН
ПАЙДАЛАНЫЛДЫ



ТЕМІРБАЕВА САБИНА, 7 ЖАСТА

Дамуында ерекшеліктері бар бала:



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «Jandig-S» ЖШС, «Казпромдиагностика» ЖШС, «Centre Asia Trade» ЖШС, «SITEK Caspian» ЖШС, «Казхымсмейкер» ЖШС, Сауранбаевтар отбасы, Кан отбасы қолдауымен.

Сабинаның анасы: «Сабина көп достар тапты, біз дұрыс қадам жасағанымызды түсіндік, ал қызымыздың қолынан бәрі келеді, оның басқа құрдастарымен тең мүмкіндіктері бар».

Сабина – отбасының сүйікті баласы. Ол 2 жаста болғанда, тірек-қимыл қозғалыс аппаратымен қиындыққа тап болды, әрі ол жалғыз қиындық қана емес. Бұл жағдай Темірбаевтар отбасын біріктіре түсті, сол себепті олар мамандардан көмек алу үшін түзеу кабинетіне келген болатын. Мұнда Сабина логопедпен, психологпен, дефектологпен бірге жұмыс істеп, емдік дене шынықтыру мен музыкаға қатысты. Сонымен қатар Сабина - ППТК-де құрылған шу оркестрінің мүшесі. 2018 жылы оркестр «Тоника» халықаралық музыкалық байқауының жеңімпазы болды.

Бірінші сыныпқа бару уақыты келгенде, мектепті таңдау туралы мәселе болмады - бұл үйдің жаңында орналасқан қарапайым, жалпы білім беретін мектеп болды. Отбасыға мектеп пен түзеу Кабинеті мамандары қолдау көрсетті. «Әр-алуан, бірақ тең» жобасының аясында инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығы ашылды, онда мұғалімдер мен Сабина да оқуға қажетті көмек алуға.

● МЕКТЕПТЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИЯ

Инклюзивтік білім берудің ресурстық орталығы - бұл мұғалімдерге білім беру процесіне инклюзия принциптерін енгізуге және арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған сынып пен мектепте кедергісіз атмосфераны құруға көмектесу үшін құрылған мектеп кеңістігінің бір бөлігі.

13

Қазақстан қалаларында инклюзивті білім беруге арналған ресурстық орталық ашылды



161 БАЛА

ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТАРДА ОҚИДЫ ЖӘНЕ ЖОБА АЯСЫНДА АШЫЛҒАН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАМАНДАРЫНАН КӨМЕК АЛАДЫ

МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУТҮ ЖӨНІНДЕ ОҚУДАН ӨТТІ

35 МҰҒАЛІМ



ОҢАШАЛЫҚТАН ИНКЛЮЗИЯҒА



БӨЛЕКТЕУ



СЕГРЕГАЦИЯ



ИНТЕГРАЦИЯ

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ



ИНКЛЮЗИЯ



АЛИБИ, 10 ЖАСТА

Ерекше білім алу қажеттілігі бар бала:

Алиби:

«Мен өз сыныптастарыммен бірге оқығанды ұнатамын ... Біз түрлі-түсті қарындаштарға ұқсаймыз - әртүрліміз, бірақ біз бірдей қорапта болуға, бірге үйренуге және бір-бірімізден үйренуге тиіспіз!»

Алибидің анасы: «Шынын айтсам, Алиби осы мектепте оқып жатқанына өте қуаныштымын. Өзінің құрдастарына қарап, ол алға қарай ұмтылуға тырысуда».



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, Қазақстандағы АҚШ елшілігінің шағын гранттар бағдарламасы, «Глобалинк Транспортейшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖІІС, «Сентрас Секьюритиз» АҚ, YUPO, Мира Анафина және Майра Тұрғанова қолдауымен.

14.7

МЛН. ТЕҢГЕ
2018 ЖЫЛЫ
13 ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУ
РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫН
АШУ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛДЫ



ҚАТАРЛАСТАН ҚАТАРЛАСҚА

Бұл жоба үйде оқитын балалардың өз құрдастарымен және сыныптастарымен қарым-қатынас жасай алуына бағытталған, бұл шағын қадам мектептерде инклюзивтік мәдениетті қалыптастыруда үлкен маңызға ие болатынына сенеміз.



Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Шағын гранттар бағдарламасы қолдауымен.



ИНКЛЮЗИВТІ ОЙЫН АЛАҢЫ

Маңғыстау облысы Құрық ауылында толық қазақстандық ендіріс болып табылатын екінші ойын алаңы ашылды.



«Ersai Caspian» ЖШС қолдауымен.



«ТӘЛІМГЕРЛЕР» ЖОБАСЫ

Жоба жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ересек тәлімгер-еріктілермен қарым-қатынас жасау арқылы өмірлік әлеуетін ашуға және тәуелсіз өмірдің дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға көмектеседі.

Жоба Қазақстанның



АСТАНА

АЛМАТЫ

ОРАЛ

ҚАРАҒАНДЫ

ПАВЛОДАР



97

«ТӘЛІМГЕР-БАЛА»
ЖҰБЫ ҚҰРЫЛДЫ



319
ҮМІТКЕР

«ТӘЛІМГЕРЛЕР МЕКТЕБІ»-НДЕ
ОҚИТУ ТРЕНИНГТЕРІНЕН ӨТТІ

24115
РЕТ

ТӘЛІМГЕРЛЕР БАЛАЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



12,5

МЛН. ТЕҢГЕ
2018 ЖЫЛЫ
«ТӘЛІМГЕРЛЕР»
ЖОБАСЫН ІСКЕ
АСЫРУҒА ЖҰМСАЛДЫ



« - Өз тәлімгеріңнің пайда болуымен сенде қандай өзгерістер байқалды деп ойлайсың?

- Барлығы өзгерді, мен басқа адамға айналдым, тәлімгермен кездесуге дейін менің мінезім басқа еді, мен өз өміріме ашулы едім және оны жек көретінмін, осындай тағдырмен өмір сүргім келмеді, бірақ тәлімгердің келуімен өмірімдегі осы кезеңді өтіп, өмір сүруді жалғастырдым, бақытқа кенелдім. Қазір бәрі жақсы, мен бақыттымын, өміріңде бар нәрсені бағалай білу керек».

ТЕМІРЛАН, 17 ЖАСТА

Астана балалар үйінің тәрбиеленушісі, 3 жыл бойы тәлімгері бар:



«Балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін білім беру курстары» жобасы аясында «Эрнст энд Янг Қазақстан» және Дәурен Бलिएвтің қолдауымен Алматы және Астана қаласының үш баласы «Медицина», «Биотехнология» және «Ақпараттық технологиялар» мамандықтары бойынша Астана қаласының Медициналық университетіне, Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ және Қазақ-Британ Университетіне оқуға түсті.



Асель Зоц, Жанна Оспанова, Амангелді Нұров, Орал Бағдат, Нұргүл Нұржігітова, «MaxGlattour» ЖШС, «Золотая Корона» Қайырымдылық жарнасы, «DAIVA» ЖШС, жаңа жылдық «Тілектер шыршасы» акциясы аясында алынған қораптардағы қаражат және www.dara.kz сайты арқылы жасалған жеке жарналар қолдауымен.

• КОРПОРАТИВТІ ТӘЛІМГЕРЛІК

Алматы және Астана қалаларындағы балалар үйінің түлектері алдағы уақытта өз мансабына пайдасы тиетін дағдыларды меңгеруге көмектесетін кәсіби дайындық тәжірибелерін аяқтады.

Сондай-ақ, оқу жылы барысында балалар «Қазақстан мен Орталық Азиядағы КРМГ» компаниясының еріктілері өткізген әртүрлі тақырыптар бойынша, жеке мотивация мен мансапты таңдаудан бастап, қаржылық сауаттылық негіздеріне дейін бірнеше тренингтерге қатысты.

27

КОРПОРАТИВТІК ТӘЛІМГЕР ЖОБАҒА ҚАТЫСУДА

82

БАЛА ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ОҚУ КУРСТАРЫНА ҚАТЫСАДЫ



«Қазақстан мен Орталық Азиядағы КРМГ» компаниясы, «Rafe coffee&food» кафесі, «PeshNap» Кофейня-кондитерлігі, «Автомаксимум» ТҚС, «Министерство кофе» Кофейнясы, «Babi Café» дұрыс тамақтану кофейня желісі, «Васадету» компаниясы, паб «Dublin» қолдауымен.

«ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ» ЖОБАСЫ



Қостанайда көзі көрмейтін балаларға арналған арнайы тифлоқұрылғымен, қауіпсіздік аймағымен және барлық қажетті оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған мамандандырылған сынып ашылды. №10 астаналық мектеп-гимназиясында Монтессори жүйесі бойынша жеке сынып ұйымдастырылды. Астана, Ақтау мен Ақтөбе қалаларында ашылған көзі көрмейтін балаларға арналған арнайы сыныптар Брайль бойынша 11 жазу машинкасымен қамтамасыз етілді. Өскеменде көзі көрмейтін балаларға арналған сынып ашу мен Көкшетаудағы балабақшада топ ашу жұмыстары басталды.

 **36** ОҚУШЫ

«ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА АШЫЛҒАН АРНАЙЫ СЫНЫПТАРДА АРНАЙЫ БЕЙІМДЕЛГЕН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ОҚЫТЫЛАДЫ

4

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЖОҚ ЖӘНЕ КӨЗІ НАШАР КӨРЕТІН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СЫНЫП АШЫЛДЫ



АБЫЛАЙ, 11 ЖАСТА

Көру қабілеті жоқ бала, Астана қаласының №10 гимназиясында көзі нашар көретін балаларға арналған арнайы сынып оқушысы:

«Бұрын менің әлемім өте тар еді, мен өз бөлмеді, ойыншықтарымның қайда тұрғанын, терезеге дейін қанша қадам бар екенін ғана жақсы білетінмін, бірақ бір күні барлығы өзгерді. Маған анам жаңа достарым болатын арнайы мамандандырылған орталыққа баратынымды айтқан болатын... Енді мен күн сайын өзім үшін жаңа нәрсе ашудамын, кеше баспалдақпен көтерілуді үйрендім, бүгін - есіктерді ашып, жабуды үйрендім. Бірақ ең қызықтысы - ертең!» - Бұл 7 жасында Астанадағы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетіне баруды бастаған және мамандардың көмектерін алатын Мұстафин Абылайдың сөздері. Бүгінде, Абылай Астанадағы №10 мектеп-гимназиясының көзі көрмейтін және көзі нашар көретін балаларға арналған 3Е арнайы сынып оқушысы, Республикалық және халықаралық менталды математика олимпиадасының жүлдегері, ТМД елдерінің оқушылары арасындағы Халықаралық менталды математикалық олимпиадасында (ISMA) Супержеңімпаз атанды, әрі Қазақстан атынан Германия мен Түркиядағы Әлемдік олимпиадада қатысатын болады.



«Қазақстандағы және Орталық Азиядағы КРМГ» компаниясы, «Қазақ Географиялық Қоғамы» Қоғамдық Бірлестігі, «Глобалинк Транспортейшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖШС, «Байер КАЗ» ЖШС, Жания Сауранбаева, ZERE қайырымдылық суреттер көрмесінен алынған қаражаттар және Адель Ахметова қолдауымен.

13,9 МЛН. ТЕҢГЕ

2018 ЖЫЛЫ
«ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ»
ЖОБАСЫН ДАМУҒА
ЖҰМСАЛДЫ



«ДАРЫНДАРДЫ ДАМУ» ЖОБАСЫ

Жоба аясында секциялар мен репетиторларға мүмкіндігі жоқ, ерекше қажеттіліктері бар және ата-ана қарқорлығысыз қалған балаларға қосымша мүмкіндіктер жасау үшін шығармашылық, би студиялары, спорт секциялары ашылды.

- 2018 жылы инклюзивті көркем студиясы өзінің 5 жылдық мерейтойын атап өтті!

15 ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР БАЛА
АРТ-СТУДИЯДА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ БОЙЫНША
ОҚУДА

210
СУРЕТТІ

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР САЛДЫ, СУРЕТТЕРДІҢ
КӨБІ ТҰСАУКЕСУРЛЕР МЕН ҚОР
СЕРІКТЕСТЕРІН ҚҰТТЫҚТАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛДЫ



816 МЫҢ ТЕҢГЕ
2018 ЖЫЛЫ ИНКЛЮЗИВТІ
АРТ-СТУДИЯНЫ ҚОЛДАУ ҮШІН
ПАЙДАЛАНЫЛДЫ

«Менің сүйікті хоббиім - сурет салу, бұл іс маған үлкен қуаныш сыйлайды! Маған жай ғана қылқалам, акварель, қарындаш пен қағаз қажет – сонда мен ең бақытты адамға айналамын. Мен сурет салудан шаршамаймын - бұл процесс маған шынайы рахат береді. Бұл менің кішігірім әлемім».

ИНДИРА КАМЗИНА, 14 ЖАСТА

Елордада № 65 мектептің оқушысы,
есту қабілеті нашар балаларға
арналған сыныпта оқиды



«Шеврон» компаниясы
қолдауымен.

• БАЛАЛАР ТЕАТР СТУДИЯСЫ

Театр қойылымдарына арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған астаналық №65 және №83 мектеп оқушылары қатысады.

2018 жылыдың мамыр айында режиссер Ильяс Даньяров пен Наталья Лысенко басқаруымен «Маугли», «Көк құс» атты екі спектакль қойылды, онда басты рөлді дамуында ерекшеліктері бар балалар ойнады.

34
БАЛА



ВАЛЕРИЙ ЮГАЙ, 10 ЖАСТА

Арнайы білім алу қажеттіліктері бар бала



ЖК "Art gallery Has Sanat", Регина Шафир қайырымдылық мақсатындағы суреттерінің көрмесінен жиналған қаражаттың қолдауымен.



880 МЫҢ ТЕҢГЕ
2018 ЖЫЛЫ БАЛАЛАР
ТЕАТР СТУДИЯСЫН ҚОЛДАУ
ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛДЫ

ТЕАТР ҚОЙЫЛЫМДАРЫНА ҚАТЫСАДЫ

МАРАЛ АХМЕТОВА • № 83 мектеп оқушылары
қатысатын инклюзивті театр
студиясының тьюторы

«Театр өнері» үйірмесіне қатысатын инклюзивті сыныптардың арнайы білімге мұқтаж балалары қарапайым балалармен жұмыс істейді, және сахнаға бейімделу, диалогты жаттау, сахнаға шығу, көрермендер алдында сөз сөйлеу оларға әлдеқайда қиын келеді - бұның бәрі олар үшін жаңа нәрсе. 2-ші сынып оқушысы Валерий Югай осы үйірмені шын жүректен жақсы көріп кетті. Сабақтарды бірде бір өткізген емес, мұғалімді мұқият тыңдап, оның барлық тапсырмаларын орындайтын. Оқу жылының соңында бізге жақсы нәтиже көрсетті. Сахнаға шынайы артист сияқты шығып, өзінің рөлін ойнады. Бұл рөл шағын және маңызы айтарлықтай рөл болмаса да, біз үшін нағыз көрсеткіш болатын. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар рөлді, кейіпкерді тең дәрежеде ойнай алып және шығармашылық процеске қатыса алатынының көрсеткіші болып табылады».

● ФУТБОЛ СЕКЦИЯСЫ

Алматыдағы №5 мектеп-интернатының базасында 2009 жылдан бастап есту қабілеті нашар балалар үшін футбол секциясы жұмыс жасай бастады. Аптасына үш рет, 13 жастан 16 жас аралығындағы балалар футбол ойнайды. Сонымен қатар, Қор республикалық және халықаралық жарыстарға команданың тұрақты қатысуын қолдап отырады.



ОРЫН

17 жасқа дейінгі есту қабілеті бұзылған балаларға арналған Прешов қаласында өткен XXVI Халықаралық футзал турниріндегі футбол командасының жеңісі.

21
АДАМ

2018 ЖЫЛЫ
ФУТБОЛ
СЕКЦИЯСЫНА
ҚАТЫСУДА

3-4 ҮЛКЕН ТУРНИРГЕ ЖЫЛ
САЙЫН ҚОРДЫҢ ФУТБОЛ
КОМАНДАСЫ ҚАТЫСАДЫ



АСЫЛ ИБРАИМОВ

● Футбол командасының жаттықтырушысы:

«Мен Словакиядағы халықаралық жарыстарға балаларды 6 рет алып бардым. 2018 жылғы турнир ең қызықты, әрі тартысты болды, өйткені ол кезде есту қабілеті бұзылған біздің балалар қарапайым балалармен терезесі тең ойнады. Ол қиын турнир болатын. Барлығы болды: көзден жас, сенімділік, балалардың турнирден тыс қарым-қатынасы және спорттық ашу. Бірақ біздің жігіттер күш-жігер мен табандылық танытты!»

5,6 МЛН. ТЕҢГЕ

2018 ЖЫЛЫ
ФУТБОЛ ЖОБАСЫН ҚОЛДАУҒА
ПАЙДАЛАНЫЛДЫ



«Silk Way Media» ЖШС, «Кинстеллар» ЖШС, «РТС ЛТД» ЖШС және «Travel Centre» Туристтік Агенттігі» ЖШС қолдауымен.

● БИ СТУДИЯСЫ

Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №9 Алматы қаласы мектеп-интернатының тәрбиеленушілерінің екі тобы 2009 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан «9 Планета» би студиясы аясында, аптасына үш рет кәсіби хореограф Марат Бекбергеновпен бірге жаттығу мүмкіндігі бар.



ОРЫН

«9 Планета» би тобы «Жұлдызай - 2018» республикалық фестивалінің күміс жүлдегері атанды - 2 орын!

25
-ТЕН

АСТАМ БАЛА
БИ ЖОБАСЫНА
ҚАТЫСАДЫ



2,5

МЛН. ТЕҢГЕ
2018 ЖЫЛЫ БИ СТУДИЯСЫН
ҚОЛДАУ ҮШІН
ПАЙДАЛАНЫЛДЫ



МАРАТ БЕКБЕРГЕНОВ

● «9 планета» би тобының хореографы:

«Шындығында, балалармен үлкен өзгерістер болды, әсіресе, өткен жылы. Олар өсті, жауапты бола бастады, бір-біріне алаңдап, команда екендіктерін және бір-бірімен тығыз байланыста екендіктерін түсінді, және де егер олар бірге жұмыс істеп, үйлесімді бола білсе, сәттілік өзін көп күткізбейтінін ұқты! Көбісіне, хореография сүйікті іске айналғанын байқаймын, мені ол қатты қуантады, олар негізгі сабақтарынан бөлек, жаттығуға жүгіреді. Әсіресе, тағы бір маңызды мәселені атап өткім келеді: балалар физикалық тұрғыдан күштірек, әрі төзімдірек бола түсті, себебі жыл бойы пресс басу, моторика, координация бойынша сабақтарға қатысты - бұл өте күрделі физикалық жүктеме! Бізге сәттілік тілеңіздер, балалар жоғары марапаттарға, бірінші орындарға ие болады деген сенімдемін - алда үлкен жоспарларымыз бар!»



«LVMH P&C Kazakhstan» ЖШС қолдауымен.

ЖЫЛ АКЦИЯЛАРЫ

АРТСПОРТФЕСТ – 2018

Ұран: «Менің қолымнан бәрі келеді!»

Фестивальдің басты мақсаты - балаларға өздерінің қабілеттеріне деген сенімділік беру, жарқын эмоциялар сыйлау, сондай-ақ жетістіктерге ұмтылудыру.

Бұл денсаулық, спорт және шығармашылықтың жарқын мерекесі міне осымен қатарынан 4-ші жыл өткізілуде!

200-ДЕН АСТАМ

ерекше қажеттіліктері бар бала Фестивальға қатысты

20-ДАН АСТАМ

спорт, өнер және іс-шаралар түрлеріне балалар қатыса алады

1,1 МЛН ТЕҢГЕ

2018 жылы Фестивальді өткізу үшін пайдаланылды

PAMPER S'DRIVE

Алматы және Астана қалаларының

8 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ

«Pamper's Drive-2018» акциясына қатысты

47000 ЖӨРГЕК ЖИНАЛДЫ

Олар арнайы нәресте үйлеріне, медициналық мекемелерге және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жеткізілді.




Қатысқан мектептер: International School of Astana «QSI», «Haileybury Astana» мектебі, Халықаралық үздіксіз білім беру колледжі (ICCE), «Мирас» халықаралық мектебі, Тұран мектеп-лицейі, «New Generation School» жеке-меншік мектебі.

2018 ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ

ТАБЫС	ТЕҢГЕ	ШЫҒЫН	ТЕҢГЕ
Серіктестер жарналары - заңды тұлғалар	151 302 785	Жобалар шығындары	146 838 976
Гранттар	4 980 946	Қаражат жинау үшін іс-шаралар жасау шығындары	722 754
Қайырымдылық жарналары - жеке тұлғалар	14 559 719	Кеңселерді қамтамасыз ету шығындары	12 085 673
Бокстарда жиналған табыстар	5 849 787	Жалақы Қоры	48 351 326
Негізін салушының жарналары	57 995 700	БАРЛЫҒЫ	207 998 729
БАРЛЫҒЫ	234 688 936	САЛЬДО*	26 690 207

ҚОРДЫҢ ТАБЫС СТРУКТУРАСЫ (үлес көрсеткішінде)



- Серіктестер жарналары – заңды тұлғалар
- Негізін салушының жарналары
- Бокстарда жиналған табыстар
- Қайырымдылық жарналары жеке тұлғалар
- Гранттар

*Оң сальдо 2018 жылы ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыру мақсатында демеушілерден, заңды тұлғалардан және жеке тұлғалардан алдын-ала алынған төлемдерді қамтиды.

2018 ЖЫЛҒЫ ЖОБАЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР КАРТАСЫ

«Әр-алуан, бірақ тең» жобасы: психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері желісін кеңейту және инклюзивті білім беруді қолдау; «Кедергісіз мектеп» жобасы; «Қатарластан-қатарласқа» жобасы	Демеушілер: «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «ЕРСАЙ Каспиан Контрактор» ЖШС, «AZALA Group» ЖШС, «Қазақмысмейкер» ЖШС, «Jandig-S» ЖШС, «Тенгизтрансгаз» ЖШС, «Казпромдиагностика» ЖШС, «Centre Asia Trade» ЖШС, «SITEK Caspian» ЖШС, «Алматылық Халықаралық Әйелдер Клубы» Әлеуметтік Қоры (AIWC), Қазақстандағы АҚШ елшілігінің шағын гранттар Бағдарламасы, «Глобалинк Транспортейшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖШС, «Сентрас секьюритиз» АҚ, YUPO Жеке тұлғалар: Сауранбаевтар отбасы, Кан отбасы, Мира Анафина, Адель Ахметова, Бағдат Күмисбеков, Алтынай Садиебекова («Kazsocietyuk» Ұлыбританиядағы қазақстандық студенттерінің Ассоциациясы) Серіктестер: Қалалар және облыстардағы Білім Басқармалары
Аймақтардағы түзеу кабинеттерінде Гросс тренажерларын орнату	Демеушілер: «East Trade Solutions» ЖШС, сонымен қатар Рахат Асхатович Дармештің өзі Жеке тұлғалар: Гаухар Каппарова, Майра Турганова, Айнур Мами (Found «Qeleshek»)
«Тәлімгерлер» жобасы	Демеушілер: «MaxGlamo» ЖШС, «Золотая корона» Қайырымдылық жарнасы, «DAIVA» ЖШС, бокстардағы қаражаттар, жаңажылдық акциялар, dara.kz сайты арқылы жасалған электронды жарналар Жеке тұлғалар: Асель Зои, Жанна Оспанова, Амангельды Нуров, Орал Бағдат, Нургуль Нуржигитова Серіктестер: «Қазақстандағы және Орта Азиядағы КРМГ» («КПМГ Аудит» ЖШС), «Rafe coffee&food» Кофейнясы, «PeshNap» Кофейня-кондитерлігі, «Автомаксимум» ТҚС, «Министерство кофе» Кафесі, «Babi Café» дұрыс тамақтану кофейнялар желісі, «ВAcademy» компаниясы, паб «Dublin»
Жетім балаларға арналған білім беру курстары	Демеушілер: ЖШС «Эрнст энд Янг Казахстан», Даурен Блиев, «РТС ЛТД» ЖШС, бокстардағы қаражаттар
«Әлемді ашамыз» жобасы (Астана қ.) және «Аймақтардағы Әлемді ашамыз» жобасы	Демеушілер: «Қазақстандағы және Орта Азиядағы КРМГ» («КПМГ Аудит» ЖШС), «Байер КАЗ» ЖШС, Қоғамдық бірлестігі «Қазақ географиялық қоғамы», «Глобалинк Транспортейшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖШС, ZERE суреттерінің қайырымдылық көрмесі, «РОКОС» ЖШС, «Дастан» ЖШС, «Актеп» ЖШС, ЖҚ «Благотворительный фонд «АК», «Анвар» ЖШС, «MIRKUN» ЖШС, «Terraline» ЖШС, бокстардағы қаражаттар Жеке тұлғалар: Жания Сауранбаева, Адель Ахметова Серіктестер: Қалалар және облыстардағы Білім Басқармалары
«Әлемді ашамыз» жобасы аясында көзі көрмейтін балаларға арналған голбол спорт секциясы	Демеушілер: «Алматылық Халықаралық Әйелдер Клубы» Әлеуметтік Қоры (AIWC)
«АртСпортФест-2018» Фестивалі	Демеушілер: Бала «Burns Supper»-те жиналған қаражаттар, «Baker tilli kazakhs advisor» ЖШС (БЕ ЖШС), Haileybury School (Алматы және Астана)
Инклюзивті арт-студиялары (көркемдік және театралдық)	Демеушілер: «Шеврон» компаниясы, Регина Шафир суреттерінің қайырымдылық көрмесі, ЖК «Art gallery Has Sanat», Haileybury Almaty School Жеке тұлғалар: Айман Андаспаева Серіктестер: «Құлانشы» Заманауи Өнер Орталығы
Би студиясы (Алматы қ.)	Демеушілер: «LVMH P&C Kazakhstan» ЖШС Жеке тұлғалар: Амангельды Нуров
Есту қабілеті төмен балалар футбол командасы (Алматы қ.)	Демеушілер: «Silk Way Media» ЖШС, «Кинстеллар» ЖШС, «РТС ЛДТ» ЖШС, «Travel Centre» Туристік Агенттігі ЖШС
«Жақсылық шеңбері» стипендиалды бағдарламасы	Жеке тұлғалар: Гульнар Досаева, Жания Курманова Серіктестер: Нархоз Университеті
Pamper's Drive (жөргек жинау)	Серіктестер: International School of Astana «QSI», «Haileybury Astana» мектебі, Халықаралық үздіксіз білім беру колледжі (ICSE), «Мирас» халықаралық мектебі, «Тұран» Мектеп-лицейі, «New Generation School» Жеке-меншік мектебі, бокстардағы қаражаттар
Жаңа туылған нәрестелерден бас тартудың алдын алу	Демеушілер: «Шеврон» компаниясы
Сәбилер үйінің балаларын дамыту	Демеушілер: Люция Себеста Шмидт, бокстардағы қаражаттар, сертификаттарды сатудан түскен қаражаттар



Қазақстан, 010000
Нұр-Сұлтан қ., Қонаев к. 33, кеңсе 210
Тел.: + 7 (7172) 73 88 39 /40
astana@dara.kz
almaty@dara.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ БІЗГЕ ТІРКЕЛІҢІЗДЕР: @FONDDARA

БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАҒАНДЫҒЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!



